

"Жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу және міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу мәселелері бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет Министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 246 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 8 желтоқсандағы № 618 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 15 қаңтарда № 12870 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. 2020 жылғы 29 мамырдағы № 67 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Әділет министрінің м.а.29.05.2020 № 67 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу және міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу мәселелері бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет Министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 246 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11408 болып тіркелген, "Әділет" құқықтық-ақпараттық жүйесінде 2015 жылғы 9 шілдеде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Жылжымайтын мүлік объектілері жоспарын (схемасын) қоса алғанда, тіркеу органы куәландырған тіркеу ісі құжаттарының көшірмелерін беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Мемлекеттік қызметті аумақтық әділет органдары (бұдан әрі – қызмет беруші) көрсетеді:

1) Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Халыққа қызмет көрсету орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – орталық) арқылы көрсетілетін қызметті алушының жылжымайтын мүлік объектісінің орналасу орны арқылы;

2) www.e.gov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі – жылжымайтын мүлік объектілері жоспарын (схемасын) қоса алғанда, қызмет беруші куәландырған тіркеу ісі құжаттарының көшірмелерін беру.

Құқықтық кадастрдың тіркеу ісіндегі құжаттардың көшірмелері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзыреттеріне сәйкес сот, құқық қорғау және басқа да мемлекеттік органдардың дәлелді сұрау салулары бойынша беріледі. Өзге адамдарға көрсетілген ақпарат құқық иеленушінің келісуі бойынша беріледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесінің нысаны - қағаз жүзінде.

Порталға жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің орны мен алған күнін көрсете отырып, мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесінің дайындығы туралы хабарлама жіберіледі.";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Жұмыс кестесі:

1) орталықта – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес, орталықтың белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда, жексенбі және мереке күндерін қоспағанда, күн сайын түскі үзіліссіз сағат 9.00-ден сағат 20.00-ге дейін.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет жеделдетілген қызмет көрсетусіз, "электрондық" кезек тәртібімен көрсетіледі, портал арқылы электрондық кезекті бронға қоюға болады, сондай-ақ құжаттарды қабылдау "кедергісіз" қызмет көрсету арқылы операциялық бөлмеде жүзеге асырылады.

2) порталда – жөндеу жұмыстарына байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда тәулік бойы, (өтініштер жұмыс уақытынан кейін және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері түскен жағдайда, өтініштер мен қызмет нәтижелерін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады).";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Мемлекеттік қызметті алу көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

орталыққа:

1) осы стандарттың 1-қосымшасына сәйкес нысанда құқықтық кадастрдан жылжымайтын мүлікке құқықтарды (құқықтық ауыртпалықтарды) мемлекеттік тіркеу туралы ақпарат алуға сұрау салу;

2) көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат (түпнұсқа көрсетілетін қызметті алушының жеке басын сәйкестендіру үшін беріледі);

3) заңнамада белгіленген жағдайларда көрсетілетін қызметті алушы өкілінің өкілеттігін куәландыратын құжат.

Порталда электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу.

Уақытша, банкроттықты және оңалтуды басқарушылар тиісінше соттың шешімдерін ұсынады.

Жою комиссиясы тиісті бұйрықты ұсынады.

Мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметтерді орталықтың қызметкері тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады.

Құжаттарды қабылдаған кезде орталықтың қызметкері көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжатты мемлекеттік органның мемлекеттік ақпараттық жүйесінен берілген мәліметтермен салыстырып тексереді, содан кейін көрсетілетін қызметті алушыға қайтарады.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды ұсынған кезде:

орталықта көрсетілетін қызметті алушыға тиісті құжаттардың қабылдағандығы туралы қолхат беріледі:

портал арқылы – қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызмет көрсетуге сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебесі көрсетіле отырып, мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін алатын күні және орны көрсетіледі.

Орталықта көрсетілетін қызметті алушыға құжаттарды беру қызметті алушының немесе өкілінің жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде, заңды тұлға үшін – өкілеттігін растайтын құжат негізінде, жеке тұлға үшін – нотариалды куәландырылған сенімхат арқылы беріледі.

Егер көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесі үшін көрсетілген мерзімде жүгінбеген жағдайда, орталық бір ай бойы олардың сақталуын қамтамасыз етеді, одан кейін оларды одан әрі сақтау үшін көрсетілетін қызметті берушіге тапсырады.

Көрсетілетін қызметті алушы бір ай өткеннен кейін дайын құжаттарды алу үшін орталыққа жүгінген кезде, орталық бір жұмыс күні ішінде көрсетілетін

қызметті берушіге сұрау салады. Көрсетілетін қызметті беруші бір жұмыс күні ішінде дайын құжаттарды орталыққа жібереді, содан кейін орталық дайын құжаттарды көрсетілетін қызметті алушыға береді."

Стандарттың 1-қосымшасы, осы бұйрықтың қосымшасына, сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және заң қызметін ұйымдастыру департаменті (В.Қ. Калимова) заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Әділет Министрінің орынбасары Б. Ж. Әбдірайымға жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Әділет Министрі

Б. Имашев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Инвестиция және даму министрі
А. Исекешев

2015 жылғы " __ " _____

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі
Е. Досаев

2016 жылғы " __ " _____

Қазақстан Республикасы
Әділет Министрінің
2015 жылғы 8 желтоқсандағы
№ 618 бұйрығына
қосымша
"Жылжымайтын мүлік
объектілері жоспарын (схемасын)
қоса алғанда, тіркеу органы
куәландырған тіркеу ісі
құжаттарының көшірмелерін беру"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына
1-қосымша

Нысаны

(Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің аумақтық органы)

**Құқықтық кадастрдан жылжымайтын мүлікке құқықтарды (құқықтық
ауыртпалықтарды) мемлекеттік тіркеу туралы ақпарат алуға**

№ _____ сұрау салу

Мен,

(жеке тұлғаның тегі, аты, болса - әкесінің аты (бұдан әрі – Т.А.Ә),

(жеке тұлғаның паспорт деректері (жеке куәлік деректері) және
тұрғылықты жері)

(заңды тұлғаның атауы және деректемелері)

негізінде

(өкілеттігін куәландыратын құжат деректері)

_____ атынан әрекет ететін

(уәкілетті өкіл толтырады)

Маған мыналарды беруді сұраймын: керегін белгілеу

жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) және оның техникалық сипаттамалары туралы анықтаманы;

жылжымайтын мүлкінің жоқ (бар) екендігі туралы анықтаманы;

жылжымайтын мүліктің меншік иесі (құқық иеленуші) туралы мәлімет қамтылған техникалық паспортқа қосымшалар;

жылжымайтын мүлік объектілерінің жоспарын (сызбасын) қоса алғанда, тіркеу органы растаған тіркеу ісі құжаттарының көшірмелері;

жылжымалы мүлік кепілінің тізілімінен үзінді.

Жылжымайтын мүлік объектісінің түрі _____

— Объектінің орналасқан жері _____

Мынадай құжаттарды қоса беремін:

— Күні _____ / _____ / _____

— (өтініш берушінің / уәкілетті өкілдің Т.А.Ә.) (қолы)

— (сұрау салуды қабылдаған маманның Т.А.Ә. және қолы)

Сұрау салуды орындау /қарау/ нәтижесі: _____

тексерілді: күні 20 _____ ж. _____

— (маманның Т.А.Ә. және қолы)

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе,

ақпараттық жүйелердегі қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын
мәліметтерді пайдалануға жазбаша келісім беремін.

20__ ЖЫЛҒЫ _____ " ____ "

(ҚОЛЫ)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК